

Лизинг нысанасы болып табылатын технологиялық жабдықтың тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 24 тамыздағы № 3-2/758 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 7 қазанда № 12147 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 449 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 23.12.2019 № 449 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұйрық 01.01.2017 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 133-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы лизинг нысанасы болып табылатын технологиялық жабдықтың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті заңнамада белгілінген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2015 жылғы 31 тамыз

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика

министрі _____ Е. Досаев

2015 жылғы 2 қыркүйек

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігінің
2015 жылғы 24 тамыздағы
№ 3-2/758 бұйрығымен
бекітілген

Лизинг нысанасы болып табылатын технологиялық жабдықтың тізбесі

Р/с №	Жабдықтың атауы	Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының коды
1	Дән уатқыш/жаныштағыш	8436 10 000 0
2	Автоматтандырылған сауу қондырғысы	8434 10 000 0
3	Жемшөп үлестіргіш	8436 10 000 0
4	Сүт өткізгіш құбыры бар сауын қондырғысы	8434 10 000 0
5	Сүт салқындатқыш танк	8418 69 000 9
6	Ірі азықты уатқыш	8436 10 000 0
7	Сабанды ұсақтағыш	8436 10 000 0
8	Көнді шашқыш	8432 40 100 0
9	Таразылар және есептегіш құрылғылар комплектісінде жануарларды ветеринариялық өңдеуге арналған гидравликалық станоктар	8479 89 970 9
10	Рулонды сығымдауыш-іріктеуіш	8433 40 000 1
11	Теңді сығымдауыш-іріктеуіш	8433 40 000 9
12	Инкубацияға арналған жабдық	8436 21 000 0
13	Жемшөп цехының жабдығы	8437 80 000 0
14	Сарқынды суларды бұрып жіберуге және тазалауға арналған жабдық	8421 21 000 9
15	Жұмыртқаларды сұрыптауға арналған жабдық	8433 60 000 0
16	Салқындатқыш жабдық	8418 69 000 9
17	Құсты сою цехына арналған жабдық	8438 50 000 0
18	Құсты терең өңдеу цехының жабдығы	8438500000
19	Құсты өндіру және өңдеудің органикалық қалдықтарына арналған жабдық	8438 80 990 0

20	Қолдан ұрықтандыру пунктіне арналған жабдық	8479 89 970 9
21	Жұмыртқаның қабығын өңдеуге арналған жабдық	8438 60 000 0
22	Жабдықты талғамай жууға арналған қондырғы	8422 20 000 9
23	Қатарлар мен тұғырлықтарды жууға арналған жабдық	8424 30 100 0
24	Бір сатылы батырылатын ортадан тепкіш сорғы	8413 70 210 0
25	Сүт есептеуіш	9028 20 000 0
26	Сүзгіш (тазартқыш центрифуга)	8421 11 000 0
27	Сүтті салқындатқыш	8418 69 000 9
28	Сүтті талдағыш	9027 80 170 0
29	Сүт және сүт өнімдерін суытуға, пастерлеуге, ультрапастерлеуге, стерильдеуге арналған жабдық	8419 89 989 0
30	Сүт және сүт өнімдеріне арналған сепараторлар	8421 11 000 0
31	Сүтті технологиялық өңдеуге арналған жабдық	8434 20 000 0
32	Сүт өнімдерінің түрлерін дайындауға арналған жабдық	8434 20 000 0
33	Технологиялық жабдықтарды жууға арналған жабдық	8422 20 000 9
34	Сүт және сүт өнімдерін таңбалауға, заттаңба жапсыруға, бөлшектеп орауға арналған жабдық	8422 40 000 8
35	Сүт және сүт өнімдерінің ыдыстарын және орамаларын өндіруге арналған автоматтандырылған жабдық, оның ішінде полиэтилентерефталат бөтелкелерін өндіруге арналған автомат	8477 30 000 0
36	Бие /түйе сүтін өңдеуге, құюға, тасымалдауға және сақтауға арналған технологиялық жабдық	8434 20 000 0
37	Бие/түйе сүтінің және оның өнімдерінің ыдыстарын және орамаларын өндіруге арналған автоматтандырылған жабдық, оның ішінде полиэтилентерефталат бөтелкелерін өндіруге арналған автомат	8477 30 000 0
38	Бие/түйе сүтін және оның өнімдерін таңбалауға, заттаңба жапсыруға, бөлшектеп орауға арналған жабдық	8422 40 000 8
39	Бие/түйе сүтін кептіруге арналған лиофильді қондырғылар	8419 39 000 9
40	Союға арналған технологиялық жабдық	8438 50 000 0
41	Ішек-қарын цехына және аяқтарын өңдеу цехына арналған жабдық	8438 50 000 0
42	Өнеркәсіптік салқындатқыш қондырғылар	8418 69 000 9
43	Ет және ет өнімдерін сылып алуға, өндіруге, бөліп орауға (орама) арналған технологиялық жабдық	8438 50 000 0
44	Сарқынды сулар флотациясына арналған жабдық	8421 21 000 9
45	Жануарлардан алынатын қалдықтарды өңдеуге арналған жабдық	8438 80 990 0
46	Технологиялық жабдықты, арнайы инвентарьды, арнайы жұмыс киімін жууға және дезинфекциялауға арналған жабдық	8422 20 000 9
47	Ет және ет өнімдерін бөлшектеп орауға (салуға) арналған технологиялық жабдық	8422 40 000 8
48	Суды көтеріп алуға арналған жел сорғыштары	8412 80 800 0
49	Фермерлік шаруашылықтардың, сүтті-тауарлы фермалардың жай-күйін бақылауға арналған радиобайланыс және бейнебақылау жүйелері	8517 62 000 2
50	Табындық жылқы шаруашылығы, марал шаруашылығы және жануарлардың басқа түрлеріне арналған GPS навигациялық жүйелері	8526 91 200 0

51	Жануарларды бірдейлендіруді электрондық есепке алу жүйелері (Радиожилік идентификаторлары)	8523 52 900 1
52	Қапталмаған ұнды сақтауға және тасымалдауға арналған жабдық	8438 20 000 0
53	Сірне шығынын өлшеуге арналған құралдар	9028 20 000 0
54	Электрондық таразы – шикізат және қосалқы өнімдерді мөлшерлеуіш	8423 30 000 0
55	Жануарларға жемшөп дайындауға арналған машиналар мен механизмдер	5436100000
56	Инкубаторлар мен брудерлер	8436210000
57	Құс шаруашылығына немесе инкубаторлар мен брудерлерге арналған жабдықтың бөлшектері	8436910000
58	Етті немесе құс етін өңдеуге арналған жабдық	8438500000
59	Жұмыртқаларды, жемістерді немесе басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін тазалауға, сұрыптауға немесе колибрлеуге арналған машиналар	8433600000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК